

ӘОЖ 399.9

П.А. Мусилимова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
 Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
 E-mail: musilimova_44@mail.ru

Жаһандану жағдайындағы трансұлттық компаниялар: қызмет ету практикасы

Трансұлттық корпорациялар жаһандану үдерісінің негізгі факторы ретінде қарастырылады. Трансұлттық компаниялар бұл орталықтандырудың жоғары деңгейіне ие. Ол ұйымдастырудың филиалдық жүйесін қолданатын экономикалық және зияткерлік күшті көпсалалы компаниялар. Оларға капиталдың халықаралық аумақтық және салалық қозғалысы тән. Трансұлттану үдерісі өнеркәсіптік фирмалардың, банктердің, қызмет көрсету саласы компанияларының халықаралық қызметінің ұлғаю үдерісі ретінде қарастырылады, ол ұлттық компаниялардың трансұлттыққа айналуына әкеледі. Ол басқа елдердің фирмаларының жұтылуы есебінен капиталдың араласуымен, бірлескен компанияларды құрумен, шетел банктерінің қаржылық құралдарын тартумен сипатталады. Қазіргі таңда трансұлттық корпорациялар – бұл орталықтанудың жоғары деңгейіне ие, ұйымдастырудың филиалдық жүйесін қолданатын экономикалық және зияткерлік күшті көпсалалы компаниялар, оларға капиталдың халықаралық, аумақтық және салалық қозғалысы тән.

Түйін сөздер: трансұлттық компаниялар, жаһандану жағдайы, халықаралық корпорациялар, капиталдың артуы.

П.А. Мусилимова

Транснациональные компании в условиях глобализации: практика функционирования

В статье транснациональные корпорации рассматриваются как факторы процесса глобализации. Транснациональные компании имеют высокий уровень централизации. Они используют филиальную систему организации и относятся к экономически и интеллектуально мощным многоотраслевым компаниям. Им свойственно международное региональное и отраслевое движение капитала. Ключевые слова: транснациональные компании, процесс глобализации, международные корпорации, увеличение капитала

P.A. Mussilimova

The multinational companies in the conditions of globalization: practice of functioning

In article multinational corporations are considered as factors of process of globalization. The multinational companies have high level of centralization. They use filial system of the organization and treat economically and intelligently powerful diversified companies. The international regional and branch movement of the capital is peculiar to them. Process of transnationalization is considered as expansion or the international activity of industrial firms, banks, the companies in the field of rendering services; it leads to transformation of the national company to the transnational. It is characterized as creation joints the companies, attraction of financial means of foreign banks, concentration of the capital at the expense of merger of firms in other countries. In the modern world multinational corporations – having high extent of centralization, economically and intelligently powerfull diversified companies which use filial system of the organization, the international regional and branch movement of the capital is peculiar to them.

Keywords: multinational corporations, globalization process, international corporations, increase of capital

Трансұлттық компаниялар – жаһандандудың себебі, сонымен қатар нәтижесі де болып табылады. Себебі жаһанданду жағдайында әлемдік экономиканың дамуы қарама-қайшы үрдістермен сипатталады: бір жағынан, өндірістің материалдық емес факторларын жалпы ұлттық өнім (ЖІӨ) жасауға енгізу, екінші жағынан, елдер мен аймақтар арасындағы әлеуметтік-экономикалық дифференциацияның артуы [1]. Негізінен бұл жағдай әлемдік экономикадағы трансұлттық капиталдың артуы үдерісімен байланысты. Трансұлттық капиталдың артуы – бұл бір елден екінші елге тікелей шетел инвестициялары арқылы өндіріс үдерістерінің бөлігін ауыстыру үрдісі. Мәселен, XVII ғасырдағы голландықтар мен Үндістандағы ағылшын компанияларын қарастыруға болады. Мұнда трансұлттық компаниялардың сипатына тән қасиеттер орын алуда. Алайда трансұлттық компаниялардың таралуы тек Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін басталды. Джон Стопфорд өз еңбегінде бұл үрдістің себептеріне түсінік береді: «Бүкіл әлемдегі мемлекеттік бақылаудың тоқтатылуы мен нарықтың либерализациялануымен қатар ақпараттық технологиялардағы аванстар трансұлттық корпорациялардың өсуіне себеп болды» [2].

Соғыстың аяғына қарай трансұлттық корпорациялардың саны шамамен 7,000 болатын болса, жүзжылдықтың аяғына қарай олар 63,000-нан астам шамаға ие болады. Олардың активтерінің өтімділігі соншалықты, мәселен, Мобильдік Еххон шамамен ең төмен 70 елдегі (шамамен 192 елді ішінен) ЖІӨ-ден жоғары құндылыққа ие [3]. Ақпараттық революцияның көрсеткіші ретінде Apple компаниясының өте жылдам қарқынмен өсуін айтуға болады. Ол 2012 жылдың ақпан айында трансұлттық корпорациялардың арасында алдыңғы қатарға ие болды. Трансұлттық корпорациялардың тек экономикалық күшке емес, сонымен қатар саяси, әлеуметтік күшке ие болуын көруге болады. Бұған мысал ретінде Мобильдік Еххон экономикалық күшпен қатар (өз елінде лоббиге ие болуымен қоса) экстраординарлық саяси әсерге ие, әсіресе Таяу Шығыста. Бұл корпорациялар жеке мемлекеттер ретінде жылдан-жылға ірі державаға айналуға болады. Алайда біз трансұлттық корпорациялардың саяси күшіне қарап олардың экономикалық күшін назардан тыс қалдырмауымыз тиіс. Мәселен,

трансұлттық корпорациялардың АҚШ-тың жұмысбастылығына әсері таңғаларлықтай. Өндірісті елден тыс өндіру шешімі тез арада елдің жұмыссыздық көрсеткішінде көрінді. Бұл үрдіс ұлттық сипатқа ие болса да, АҚШ-та текстильдік өнеркәсіп қымбат Шығыстан төлем қабілеттілігі төмен және бірікпеген Оңтүстікке ауысты. Бұл өнеркәсіптің басқа да салаларына әсер етті. Бұл корпорациялар тек қана өз капиталын және өндірістің бір бөлігін тікелей инвестициялар арқылы басқа аймаққа ауыстырды [4]. Алайда бұл жаһанданду үдерісінің пайда болуына әсер етті. 1990 жылдары трансұлттық корпорациялардың экспансиясы күшейді. Бұл келесідей жағдайларға байланысты:

1. Шаруашылықтың социалистік жүйесінің құлдырауы мен КСРО-ның күйреуі, бұрынғы социалистік мемлекеттердің нарықтық реформаларға өтуі, олардың шетел капиталы үшін өз нарықтарын ашу трансұлттық корпорациялардың қызмет аясын ұлғайтты.

2. Қаржылық сектордың интеграциялану үрдістері жылдам өсті. Жаһандық қаржылық ағымдар халықаралық экономикалық қатынастар жүйесінің анағұрлым маңызды факторына айналды. Нәтижесінде трансұлттық компаниялардың жалпы валюттық резервтері әлемдегі орталық банктердің бірге алғандағы резервтерінен бірнеше есе асады.

3. Барлық дамыған және дамушы елдердегі мемлекеттік секторды жекешелендіру бойынша компания трансұлттық корпорациялардың меншігінің артуына әкелді және оларға жаңа салалар мен нарықтар ашты.

4. Технологиялық жаңалықтардың кең таралуы, жақсартылған қасиетке ие тауарлардың көптеп шығуы, өндірістің көптеген салаларының технологиялық мүмкіндіктерінің конвергенциясы нәтижесінде, сонымен қатар бірігу мен жұтылу нәтижесінде бәсекелестік күшейді.

5. Ақпараттық революция, заманауи техникалық жаңалықтар және оларды қолдану технологиялары кәсіпкерлік үшін жаңа мүмкіндіктер әкелді.

6. Жекелеген нарықтар мен ұлттық экономикалар анағұрлым өзара тәуелді болды.

7. Өз бәсекеге қабілеттілігін қолдау үшін трансұлттық корпорациялар шығындарды төмендетуге, тұтыну сапаларын және өнімді жақсартуға, өндірісті жандандыру үшін үздіксіз күресуде.

8. Жаңа технологиялық және басқарушылық технологияларды дамыту арқасында трансұлттық корпорациялар ресурстарды пайдаланды, басқа елдерде жекелеген өндірістік звенолар мен өндіріс сатыларын оперативті ауыстыруды, анағұрлым арзан немесе анағұрлым білікті жұмыс күшін пайдалануды, жағымды инвестициялық климатты қалыптастыруды тиімді жүзеге асырады.

Трансұлттық корпорациялардың қызметін талдау олардың бірнеше типтерін көрсетуге болады:

- этноцентрлік трансұлттық корпорациялар шикізатты жеткізу мен өткізу нарықтарын жүзеге асыру үшін шетелде филиалдарын құрады, алайда шетелдік нарықтар олардың ішкі нарықтарының жалғасы болып қалады;

- полицентрлік трансұлттық корпорацияларға сыртқы нарық тән, нарықтың бұл түрі ішкі нарықпен салыстырғанда олардың қызметінің маңызды секторы болып табылады. Олардың шетелдік филиалдарында өндірілетін өнімнің көп бөлігі жүзеге асады;

- регионцентрлік трансұлттық компаниялар интеграциялық топтарда белгілі. Олар жекелеген мемлекеттердің нарықтарына емес, жалпы аймақтарға, мәселен, Батыс Еуропаға бағытталады;

- геоцентрлік – бұл трансұлттық компаниялардың анағұрлым дамыған типі, ол аймақтық филиалдардың орталықсыздандырылған федерациясы болып табылатын компанияларға тән.

Компанияларды трансұлттық корпорацияларға жатқызу үшін келесі критерийлерді қолданады:

- корпорация қызмет ететін елдер саны (бестен кем емес);

- корпорациялардың өндірістік күштері орналасқан елдер саны (үштен кем емес);

- негізгі нарықтағы жетекші позициясы;

- корпорацияның табыстары мен саудадағы шетелдік операциялардың үлесі (төрттен бір бөлігінен кем емес);

- корпорация ұжымы мен жоғары басшылығының халықаралық құрамы.

Трансұлттану үдерісі өнеркәсіптік фирмалардың, банктердің, қызмет көрсету саласы компанияларының халықаралық қызметінің ұлғаю үдерісі ретінде қарастырылады, ол ұлттық компаниялардың трансұлттыққа айналуына әкеледі. Ол басқа елдердің фирмаларының

жұтылуы есебінен капиталдың араласуымен, бірлескен компанияларды құрумен, шетел банктерінің қаржылық құралдарын тартумен сипатталады.

БҰҰ-мен жасақталған ТҰК-ның әрекет ету кодексіне сәйкес трансұлттық корпорациялар келесідей болып табылады [2]:

- заңдылық формасына немесе бұл компаниялардың қызмет ету саласына тәуелсіз екі немесе бірнеше елдерде еншілес компаниялары бар кәсіпорындар.

Классикалық ТҰК:

- бұл көпсалалы компаниялар (олардың көбісі 11 түрлі салаларда бөлімшелерге ие, ал ең мықтылары 30-50 салаларды қамтиды);

- экономикалық және зияткерлік күштерінің ауқымы бойынша тендесі жоқ;

- олардың технологиялық негіздері – озық, өңдеуші өнеркәсіптің ғылыми сыйымды салалары;

- оларға ұйымдастырудың филиалды жүйесі және филиалдар мен еншілес компаниялар арасындағы интенсивті байланыстар тән, олар тікелей капитал салымдары мен еңбектің ішкіфирмалық бөлінісі негізінде әртүрлі елдерде құрылған;

- штаб-квартиралармен шешім қабылдаудың жоғары орталықтандырылған деңгейі;

- оларға капиталдың халықаралық және салалық қозғалысы тән, себебі өндірістің ең үздік факторлары мен ҒТР жетістіктерін іздеуде ресурстар мен ТҰК басты өндірістік орталықтары өзара аймақтық қоймаға миграцияланады.

ТҰК-ға шамамен әлемдік өнеркәсіптің жартысы, сыртқы сауданың 63%-ы келеді.

ТҰК жаңа техникаға патенттер мен лицензиялардың, технологиялар мен «ноу-хаудың» 80%-ына дейін бақылауында ұстап тұруда. ТҰК-ның бақылауында бидайдың, кофе, жүгері, орман материалдары, темекі, кендір және темір рудаларының 90%-ы болды, 80% — шай және қалайы нарығы, 75% — шикі мұнай, табиғи каучук пен банандар келеді. АҚШ-тың экспорттық операцияларының жартысы америкалық және шетелдік ТҰК-мен жүзеге асырылады, Ұлыбританияда бұл көрсеткіш 80%, Сингапурда 90% құрайды [1].

БҰҰ сарапшылары ТҰК-ны шетеледе өндірістік күштерге ие кез келген компанияға жатқызады [3].

ТҰК-ның айрықша сипаттары болып табылады:

– меншіктің және шаруашылық қызметінің ауқымды масштабтары;

– шетелдік өндірістік қызметтің өсуі нәтижесінде өндіріс пен капиталдың трансұлттануының жоғары деңгейі;

– ТҰК ішіндегі әлеуметтік-экономикалық қатынастарының ерекше сипаты;

– ТҰК көпшілігінің көпсалалы концерндерге айналуы.

Халықаралық корпорациялар (капитал бойынша халықаралық) және трансұлттық (капиталдың ұлттық иеленуі тән), бір жағынан, тез дамушы халықаралық экономикалық қатынастардың өнімі болып табылады, ал екінші жағынан, оларға әсер етудің күшті механизмін көрсетеді [4]. Халықаралық экономикалық қатынастарға белсенді әсер ете отырып, халықаралық (трансұлттық) корпорациялар (ТҰК) жаңа қатынастарды қалыптастырады, олардың қалыптасқан формаларын өзгертеді.

Дәстүрлі халықаралық еңбек бөлінісі негізінде халықаралық өндіріс үдерісінде белсенді қатыса отырып, ТҰК жаңашыл халықаралық еңбек бөлінісінің негізінде өзіндік ішкіфирмалық халықаралық өндіріс жасады. Әсіресе бұл халықаралық өндірістің ішкіфирмалық нұсқасы заманауи халықаралық корпорацияларға негіз болып табылды [4].

Халықаралық өндірістің ішкіфирмалық ұйымдастырылуы ТҰК-ға төмендегідей артықшылықтарды береді:

– жекелеген елдердің халықаралық өндірістік мамандануының пайдалы жақтарын қолданады;

– шетелдік инвесторлар үшін елдермен ұсынылатын салықтық, инвестициялық және басқа да жеңілдіктерді максималды түрде қолдану;

– әлемдік нарықтың конъюнктурасына сәйкес өзінің өндірістік бағдарламаларын сәйкестендіре отырып, өндірістік қуат жүктемелерімен оңтайландыру;

– дамушы нарықтарды жаулау үшін плацдарма ретінде өз еншілес компанияларын пайдалану. Мәселен, өз шетелдік филиалдары арқылы өнімді жүзеге асыруда ТҰК әлемдік экспортты анағұрлым жоғарылатады. Бұл жағдайда трансұлттық корпорациялардың сатылымдары негізгі базаланған елден тыс 20-30%-ға экспортқа қарағанда тез өседі [4]. Инвестицияларды көптеген дамушы елдерде жүзеге асыра отырып,

ТҰК зауыттарды өзінің негізгі базаланған елінде өндірістік өнімді жүзеге асыру үшін құрмайды, олар елдердің қажеттіліктері үшін құрады [3]:

– өзіндік халықаралық өндірісті ұйымдастыру ТҰК-ға өнімнің өмірлік циклін ұстап тұруға мүмкіндік береді;

– ТҰК әртүрлі елдер мен аймақтардағы кәсіпорындар арасында өндірістік, ғылыми және технологиялық байланыстардың дамуын қамтамасыз етеді, сонымен қатар халықаралық бәсекелестік үдерісінде шағын және орта бизнеспен бәсекелесе отырып шешуші рөлге ие.

Қабылдаушы ел үшін ТҰК қызметінің жағымды жақтары:

1) мемлекеттің экономикалық базасының ұлғаюы;

2) жаңа технологиялардың берілуі;

3) жалпы іскерлік белсенділіктің жоғарылауы;

4) елге шетелдік капиталдардың келуі;

5) төлем балансының жақсаруы;

6) жұмысбастылықтың жоғарылауы;

7) ТҰК филиалында қызмет жасайтын қызметкерлер мен жұмысшылардың өмір сүру сапасының жоғарылауы;

8) жергілікті кадрлардың біліктілігінің артуының мүмкіндігі;

9) ел экономикасына ТҰК енгізу жолымен саяси реформаларды жүргізуді ынталандыру.

Алайда ТҰК тек жағымды үдеріс ретінде ғана бағаланбайды. Олар қызмет ететін елдерге жағымсыз әсерлерін де атап кеткен жөн [3]:

1) ТҰК өз қызметін жүзеге асыратын елдегі экономикалық саясатты жүзеге асырудағы қарама-қайшылық;

2) мемлекеттік заңдарды бұзу. Мәселен, трансферттік баға саясатымен айла-шарғы жасау арқылы өз табыстарын жасыра отырып, ұлттық заңнамаларды бұзады;

3) монопольдық бағаны орнату, қабылдаушы елдердің мүдделеріне қайшы келетін шарттарды орнату;

4) әлемнің көптеген елдерінен жоғары білікті мамандарды өз компанияларына тарту;

5) қызмет етуші елдегі экологиялық қауіпсіздік нормаларын бұзу;

6) сол елдегі шикізат көздерін төмен бағалармен сатып алу.

ТҰК мүдделері, әдетте, мемлекеттің ұлттық мүдделеріне, шағын және орта бизнеске қайшы келеді. Корпорациялар үкіметтер сияқты қызмет

етуі мүмкін. Көптеген ТҰК экономикалық күштері орта мөлшердегі мемлекеттермен бірдей. Мәселен, америкалық корпорация «Дженерал моторстың» сату көлемдері Швейцария, Австрия және Швеция ЖІӨ-нің бірге алғандағы мөлшерінен асып түседі [1].

Шетелдік әдебиетте халықаралық монополияның ұйымдастырушылық сипаты бойынша келесі типтері бөлінеді [3]:

- көпұлттық корпорациялар;
- халықаралық корпорациялар;
- трансұлттық компаниялар;
- ғаламдық компаниялар.

Шетелдік тәжірибеге сәйкес келесі классификация беріледі [4].

1. Трансұлттық корпорациялар (ТҰК) – бұл шетелдік активтері бар ұлттық монополиялар. Олардың өндірістік және саудалық-өткізу қызметі бір мемлекет шегінен шығады.

АҚШ-та корпорация деп акционерлік қоғам саналады, ал көптеген заманауи ТҰК америкалық компаниялардың экспансиясы нәтижесінде пайда болғандықтан, бұл термин барлығына бірдей болып кетті [2].

Өртүрлі елдерде филиалдар мен еншілес компанияларды құру арқылы трансұлттық корпорациялардың құқықтық режимі іскерлік белсенділікті қамтамасыз етеді. Бұл компаниялар өнім өндірісі қызметі мен дайын өнімді өткізудің дербес қызметтеріне, ғылыми-зерттеушілік жұмыстарға, тұтынушыларға қызмет көрсетуге және т.с.с. ие. Жалпы олар құрылтайшы-ел өкілінің акционерлік капиталына меншік құқығы бар бірыңғай ірі өндірістік кешенді құрайды. Сонымен қатар филиалдар мен еншілес компаниялар базаланған елдің артықшылықты ұлттық қатысуымен аралас болуы мүмкін [2].

2. Көпұлттық корпорациялар (КҰК) – бұл өндірістік және ғылыми-техникалық негізде елдер қатарының ұлттық компанияларын біріктіретін халықаралық корпорациялар. Мысал ретінде "Роял Датч Шелл" англо-голландық концерні келтіріледі, ол 1907 жылдан бастап қызмет етуде. Бұл компанияның заманауи капиталы 60:408 пропорциясында беріледі [3]. Көпұлттық корпорацияның мысалы болып, барлығына белгілі Еуропадағы АВВ (Asea Brown Boveri) швейцарлық-шведтік компаниясы табылады. Ол машинақұрылысы мен электронды инженерияда маманданады. АВВ ТМД елдерінде бірнеше бірлескен кәсіпорындарға ие.

Еуропадағы жетекші КҰК-ға англо-голландық "Юнилевер", "Филипс" және т.с.с. жатады [3].

Халықаралық құқық көзқарасынан, көпұлттық корпорациялардың айрықша қасиеттері болып табылады:

- 1) көпұлтты акционерлік капиталдың болуы;
- 2) көпұлтты басқарушы орталықтың болуы;
- 3) шетелдік филиалдар әкімшілігін жергілікті жағдайларды білетін кадрлармен жабдықтау [5].

Соңғысы көптеген трансұлттық компанияларға да тән. Негізінен, бұл екі халықаралық компаниялар тобы арасындағы шекаралар икемді, олар бір формадан екінші формаға ауысуы мүмкін.

Трансұлттық компаниялар мен көпұлттық корпорацияларды қатысты түрде халықаралық корпорациялар (ХК) деуге болады. Бұл акционерлік кәсіпорындар ұйымдастырушылық құрылымы бойынша көпсалалы концерн болып табылады. Оларды келесідей жіктеуге болады [4]:

– үлкен өнім бөлігін өндіретін кәсіпорындармен горизонтальды-интеграцияланған фирмалар (АҚШ-тағы автомобильді өнеркәсіп, «fast food» жүйесі);

– соңғы өнімді өндіруде маңызды сатыны бірыңғай бақылау мен бір меншік иесін біріктіретін, вертикалды-интеграцияланған фирмалар (мұнай өнеркәсібінде: өндіру – бір елде, өңдеу – басқа елде, соңғы мұнай өнімдерін сату – үшінші елде).

Диверсификацияланған (әртараптандырылған) фирмалар – вертикалды және горизонтальды интеграцияланған фирмаларды қосады (Nestle тамақ өнімдерін өндірумен, косметикамен, шараптарды сатумен, ресторан бизнесімен айналысады; «Вольво» автомобильден басқа катерлерге моторларды, авиациялық қозғалтқыштарды, тамақ өнімдері, тіпті, сыра шығарумен айналысады) [6].

Трансұлттық корпорациялар – капиталдың қозғалысы мен технологиялар жылдамдығының өте үлкен деңгейіне жетті және ТҰК әлемнің біртұтасқа айналуын қамтамасыз етуде, ал ол өз алдына жаңа үрдістер мен дамудың жаңа заңдылықтарын әкелуде. Мұнда елдер өзара функционалды үлкен өндіріс объектілеріне айналууда. Трансұлттық корпорациялар қызметі қазіргі заманда болып жатқан үдерістерді өгертуі мүмкін. Себебі олар ірі державаларға, мемлекеттік күшке айналу жолында [7].

Қазіргі таңда трансұлттық корпорациялар – бұл орталықтанудың жоғары деңгейіне ие, ұйымдастырудың филиалдық жүйесін қолданатын экономикалық және зияткерлік күшті көпсалалы компаниялар, оларға капиталдың халықаралық аумақтық және салалық қозғалысы тән.

Сонымен, жаһандану әртүрлі деңгейде орын алады. Бұл трансұлттық корпорациялар мен үкіметтік емес ұйымдардың өсуіне

ықпал етеді, ал олар өз алдына жаһандану үдерісі сипатының пайда болуына әсер етеді. Бұл, сонымен қатар ғаламдық сананың және ғаламдық идентификацияның дамуын жүзеге асырады. Жаһандануды айыптау немесе ақтау ешқандай пайда келтірмейді. Себебі біздің проблемалар жаһандық масштабқа ие, сондықтан біздің тұжырымдар толық және жаһандық эмпирикалық зерттеумен және аналитикалық теориямен хабарлануы тиіс.

Әдебиеттер

- 1 Mazlish Bruce. Global History, Society, Civilization / Globality studies journal. – 2012. – № 1 (March). – P.18-34.
- 2 Stopford John. Multinational Corporations / Foreign Policy. – 1998. – № 113(Winter). – P.12-24.
- 3 Ким Т.Г. Транснационализация предпринимательской деятельности в условиях глобализации экономики / автореф. дис. ... канд. экон. наук. – Ставрополь, 2008.
- 4 Чинь Тхи Тхуй Линь. Роль и место ТНК в процессах транснационализации современной мировой экономики / Экономические науки. – 2011. – № 12(85). – С.406-409.
- 5 Официальный сайт ЮНКТАД / [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.unctad.org>.
- 6 Хусаинов Б.Д. Прямые иностранные инвестиции: глобальные и региональные тенденции / Известия МОН и НАН РК.(Серия общественных наук). – 2001. – №3. – С.26-35.
- 7 Мовсесян А. Американские транснациональные корпорации в современной мировой экономики / США и Канада. – 2000. – №12. – С.103-117.

References

- 1 Mazlish Bruce. Global History, Society, Civilization / Globality studies journal. – 2012. – № 1 (March). – P.18-34.
- 2 Stopford John. Multinational Corporations / Foreign Policy. – 1998. – № 113(Winter). – P.12-24.
- 3 Kim T.G. Transnatsionalizatsiya predprinimatel'skoi deyatel'nosti v usloviyah globalizatsii ekonomiki / avtoref. dis. ... kand. ekon. nauk. – Stavropol', 2008.
- 4 Chin' Thi Thui Lin'. Rol' i mesto TNK v protsessah transnatsionalizatsii sovremennoi mirovoi ekonomiki / Ekonomicheskie nauki. – 2011. – № 12(85). – S.406-409.
- 5 Ofitsial'nyy sait YUNKTAD / [Elektronnyy resurs]. – Rezhim dostupa: <http://www.unctad.org>.
- 6 Husainov B.D. Pryamyie inostrannye investitsii: global'nye i regional'nye tendentsii / Izvestiya MON i NAN RK. (Seriya obshestvennyh nauk). – 2011. – №3. – С.26-35.
- 7 Movsesyan A. Amerikanskie transnatsional'nye korporatsii v sovremennoi mirovoi ekonomiki / SSHA i Kanada. – 2000. – №12. С.103-117.